

О с ы К е л і с і м д е :

"көпір" термині деп Қиғаш өзенінің негізгі арнасы арқылы өтетін автожол көпірі а л ы н а д ы ;

"шекаралық көпір өткелі" термині деп автожол көпірі, сондай-ақ оған қосалқы кіреберістер мен шектес автомобиль жолдары ұғынылады.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіруді Тараптардың уәкілетті о р г а н д а р ы :

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар м и н и с т р л і г і ;

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Көлік министрлігі жүзеге асырады.

Өздерінің уәкілетті органдары өзгерген жағдайда Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы кідіріссіз хабардар етеді.

3-бап

Шекаралық көпір өткелін жобалау, салу, пайдалану және қызмет көрсету үшін ж а у а п т ы о р г а н д а р :

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар м и н и с т р л і г і ;

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Федералдық жол агенттігі және Астрахань облысының әкімшілігі болып табылады.

Жоғарыда аталған жауапты органдар атауларының немесе функцияларының өзгеруі туралы Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақытылы хабардар етіледі.

4-бап

1. Тараптар келесі қағидаттармен келісті:

шекаралық көпір өткелін салу шекаралық Қиғаш өзенінің су тасқыны бағытын өзгертпеуі, оның арнасына, жаға сызығы мен мемлекеттік шекараның өту сызығына өзгерістер енгізбеуі, осы ауданда кеме қатынасының қауіпсіздігіне, экологиялық және өзге де қауіпсіздікке зиян келтірмеуі тиіс;
к ө п і р б і р г е с а л ы н у ы т и і с ;

құрылыс аяқталған соң көпір Тараптардың бірлескен меншігі болады, оны пайдалану, күтіп ұстау және оған қызмет көрсету бірігіп атқарылады.

2. Шекаралық көпір өткелі пайдаланудың, күтіп ұстаудың және қызмет көрсетудің нақты кестесіне Тараптардың осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген органдары қосымша келіседі.

5-бап

1. Көпір өткелін жобалау және салу үшін осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген Тараптардың органдары тепе-теңдік негізде бірыңғай тапсырыс берушінің қызметін қ ұ р а д ы .

2. Көпірді салуға байланысты барлық шығыстарды, соның ішінде материалдық-техникалық ресурстарды тарту мен жобалау-ізвестіру жұмыстарына арналған шығындарды, сондай-ақ көпір құрылысына байланысты басқа да шығындарды Тараптар тең үлеспен бөліседі.

3. Көпірге көліктік кіреберістер, қосалқы объектілер мен құрылыстар салуды әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағында дербес жүзеге асырады және көпірдің құрылысымен б і р у а қ ы т т а а я қ т а й д ы .

4. Шекаралық көпір өткелін салуға арналған конкурсты өткізу кезінде Тараптар мемлекеттерінің сыныптан тыс көпірлер салу тәжірибесі, техникалық мүмкіндігі және тиісті қызметшілері бар мамандандырылған көпір салу ұйымдары тең шарттарда тартылады.

6-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін өте қысқа мерзімде осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген органдар ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізеді, көпір және шекаралық көпір өткелін салудың нақты мәселелерін, соның ішінде олардың нәтижелерін бекітуді қоса алғанда, іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізуді реттейтін қажетті шарттық құжаттарды, көпірді пайдалану және оған қызмет көрсету режимін әзірлейді және оларға қол қояды.

7-бап

Осы Келісімді іске асыру кезінде, шекаралық көпір өткелін салу, пайдалану және оған қызмет көрсету барысында туындайтын дауларды шешуді Тараптардың уәкілетті органдары консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен жүзеге асырады.

8-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап

күшіне енеді. Осы Келісім 5 жылға жасалады. Алдағы уақытта егер Тараптардың біреуі екінші Тарапты осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы кезекті бес жылдық мерзім аяқталғанға дейін алты ай бұрын жазбаша хабардар етпесе, осы Келісімнің күші келесі бес жылдық мерзімге ұзартылады.

2004 жылғы 22 желтоқсанда, Мәскеу қаласында, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тілдегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін*